2023/2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

# Мемлекеттік құқық негіздері

ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР МЕН МАТЕРИАЛДАР



# 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ЕМТИХАНЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНЕН СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.

Мемлекет және құқық негіздері пәнінен қорытынды аттестаттау емтихандарына ұсынылатын бұл тапсырмалар жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім стандарттары негізінде дайындалған. Мемлекет және құқық негіздері пәнін үйрену үдерісінде оқушыларда құқықтық деректерді пайдалана білу дағдыларын арттыруға, құқықтық сауаттылықты жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді. Пәнді меңгеру оқушылардың құқық дереккөздерін пайдалана білу, өз құқықтары мен мүдделерін заң жүзінде қорғау, құқықтық оқиғалар мен жағдайларға дұрыс қорытынды жасай алу, конституциялық борыш пен міндеттерді меңгеру және оларға мойынсұну дағдыларын қалыптастыру мен дамытудан тұрады.

Оқушылардың алған білімін, дағдылары мен біліктілігін анықтау мақсатында 2023-2024 оқу жылында 11-сыныптарда қорытынды емтихан жазбаша түрде өткізіледі.

Әрбір емтихан билетінің сұрақтары мен тапсырмалары мемлекет және құқық негіздері пәні бойынша жалпы орта білім берудің 10-11-сыныптарының тақырыптарын қамтиды. Сонымен қатар, ұсыныста білуге байланысты сұрақтар, қолдану мен пайымдауға байланысты тапсырмалар бойынша бағалау критерийлері де қарастырылған. Берілген тапсырмалар арқылы күнделікті өмірде туындайтын құқықтық оқиға мен жағдайларды түсіне отырып туындайтын жағдайларды құқықтық тұрғыдан дұрыс бағалай білу мен шешім қабылдау дағдылары бағаланады.

Әрбір оқушы бір билетті таңдайды. Билетте оқушыға 10 сұрақ беріледі. Сұрақтардың 3-еуі білуге, 6-уы қолдануға, 1-еуі пайымдауға байланысты болады.

11-сыныптарға арналған Қорытынды мемлекеттік аттестаттау материалдарын дайындау барысында мемлекет және құқық негіздері пәнінен 10-11-сыныптарда екі жыл барысында өтілген тақырыптар, сондай-ақ Конституциялық құқық пәні негізге алынды.

Оқушылардың қорытынды бақылау жұмыстары Мемлекет және құқық негіздері пәнінен 100 балдық жүйе бойынша:

0 – 29% – “қанағаттанарлықсыз”;

30–65% – “қанағаттанарлық”;

66–85% – “жақсы”;

86–100% – “өте жақсы”

деген сияқты бағаланады. Әрбір тапсырма бойынша белгіленген баллдан жоғары балл қоюға жол берілмейді.

**Құрастырушылар: Ахмедова Мухаё**– Ташкент қаласы, Янгихаят ауданы 303-мамандандырылған мемлекеттік жалпы білім беретін мектептің Мемлекет және құқық негіздері пәнінің оқытушысы.

**Пікір жазғандар:**

| **Мемлекет және құқық негіздері** | **Саны** | **Білу** | **Қолдану** | **Пайымдау** | **Бір жауапты тест** | **Бірнеше жауапты жабық тест** | **Кесте тест** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өзбекстан Республикасы халықаралық құқықтың субъектісі | 1 | 1 | | | 1 | | |
| Конституциялық құқық негіздері | 2 | | 2 | | | 1 | 1 |
| Әкімшілік құқық негіздері | 1 | | 1 | | | | 1 |
| Азаматтық құқық негіздері | 1 | | 1 | | 1 | | |
| Еңбек құқығы негіздері | 2 | 1 | 1 | | | 1 | 1 |
| Жанұя құқығы | 1 | | 1 | | | | 1 |
| Қылмыстық құқық | 1 | | | 1 | | 1 | |
| Экологиялық құқық | 1 | 1 | | | 1 | | |
| **Жалпы:** | **10** | **3** | **6** | **1** | **3** | **3** | **4** |

## ТАПСЫРМАЛАР БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ

| № | Меңгерілу тиіс дағды | | Тапсырма түрі | Тапсырма формасы | Бағалау критерийі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өзбекстан Республикасының халықаралық құқыққа қатысуы туралы түсінікке ие болу; | B | Бір жауапты тест | A, B, C, D | A, B, C, D вариантты тестілер бір жауапты тест болып саналады. Вариантында бір дұрыс жауап болып, дұрыс жауап үшін **7 балл** беріледі. |
| 2 | Азаматтардың Конституцияда белгіленген құқықтары мен | Q | Бірнеше жауапты жабық тест | 1); 2); 3); 4). | Тест сұрағында бірнеше жауаптар келтіріліп, тек дұрыс жауаптар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | борыштарының бір-бірінен ерекшелігін анықтап, оларды қоғамдық өмірде қолдану; | | | | таңдалады.Дұрыс жауап үшін **11 балл** беріледі. |
| 3 | Өзбекстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылымы мен мемлекеттік билік міндеттерінің бір-бірінен ерекшелігін анықтау; | Q | Кесте | Сәйкестікті анықтау<br>1 2 3 4 | Кесте түріндегі тапсырмада әрбір сұраққа оның жауабын сәйкес келтіру керек. Дұрыс жауап үшін **11 балл** беріледі. |
| 4 | Әкімшілік құқықбұзушылық үшін қолданылатын жазаларды әлеуметтік өмірде қолдану; | Q | Кесте | Сәйкестікті анықтау<br>1 2 3 4 | Кесте түріндегі тапсырмада әрбір сұраққа оның жауабын сәйкес келтіру керек. Дұрыс жауап үшін **11 балл** беріледі. |
| 5 | Бітім мен келісімшарттардың өзара айырмашылығын білу; | Q | Бір жауапты тест | A, B, C, D | A, B, C, D вариантты тестілер бір таңдаулы тест болып табылады. Вариантында бір дұрыс жауап болып, дұрыс жауап үшін **11 балл** беріледі. |
| 6 | Еңбек келісімшартын жасау және оны тоқтату негіздерін дұрыс қолдану; | Q | Кесте | Сәйкестікті анықтау<br>1 2 3 4 | Кесте түріндегі тапсырмада әрбір сұраққа оның жауабын сәйкес келтіру керек. Дұрыс жауап үшін **11 балл** беріледі. |
| 7 | Еңбек құқығында кәмелетке толмағандардың | B | Бірнеше жауапты жабық | 1); 2); 3); 4). | Тест сұрағында бірнеше жауаптар келтіріліп, тек дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құқықтарын білу; | | тест | | жауаптар таңдап алынады. Дұрыс жауап үшін **7 балл** беріледі. |
| 8 | Неке құру негіздері және оны бұзудың себептерін анықтау; | Q | Кесте | Сәйкестікті анықтау<br>1 2 3 4 | Кесте түріндегі тапсырмада әрбір сұраққа оның жауабын сәйкес келтіру керек. Дұрыс жауап үшін **11 балл** беріледі. |
| 9 | Қылмыстық құқықбұзушылықтың әлеуметтік қауіптілік деңгейін анықтау, жазаларды дұрыс қолдана білу; | M | Бірнеше жауапты жабық тест | 1); 2); 3); 4). | Тест сұрағында бірнеше жауаптар келтіріліп, тек дұрыс жауаптар таңдалады. Дұрыс жауап үшін **13 балл** беріледі. |
| 10 | Экологиялық құқықбұзушылық және оларға қолданылатын жазаларды білу; | B | Бір жауапты тест | A, B, C, D | A, B, C, D вариантты тесттер бір таңдаулы тестілер болып саналады. Вариантында бір дұрыс жауап болып, дұрыс жауап үшін **7 балл** беріледі. |

## 1-ВАРИАНТ

1. **Халықаралық құқықтың қай функциясында халықаралық құқықтық нормалар әлем қоғамдастығын құруы, белгілі бір құқықтық тәртіпті белгілеуі, оны нығайтуы тиіс деп көрсетілген? (Білу -7 балл)**

A) Тұрақтандырушы
B) Реттеуші
C) Қорғаушы
D) Құқықтық-тәрбиелеуші

**2. Төменде берілген құқықтардан жеке құқықтар мен еркіндіктерге тиістілігін ажыратыңыз. (Қолдану - 11 балл)**

1) әрбір адам кез келген ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығына ие;
2) Өзбекстан Республикасының азаматтары мемлекеттік қызметке кіруде тең құқықтарға ие;
3) еңбекке қабілетсіз және жалғызбасты қарттардың, мүгедектігі болған тұлғалардың, сондай-ақ халықтың басқа да әлеуметтік мұқтаж санаттарының құқықтары мемлекет қорғауында;
4) әркім тұрғын үйге қол сұғылмаушылық құқығына ие;
5) азаматтардың мемлекеттік білім беру ұйымдарында таңдау негізінде мемлекет есебінен жоғары білім алуға құқығы бар;
6) ешкім дәл бір қылмысы үшін қайтадан жазалануы мүмкін емес.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) унитарлық мемлекет;<br><br>2) федералды мемлекет. | a) бірнеше субъектілер республикалардың, штаттардың қосындысынан құрылады;<br>b) жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктер бірдей құқықтарға ие болады;<br>c) бұл ретте әрбір мемлекет өзінің суверинитетін сақтап қалады;<br>d) субъектілері өз конституциясына, жоғары заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына ие болады;<br>e) бүкіл мемлекет аумағында біртұтас конституция, біртұтас үкімет және біркелкі заң құжаттары қолданылады. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегілерді сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) әкімшілік жаза;<br>2) қылмыстық жаза. | a) құқықбұзушылық жасаған тұлға заңдарға мойынсұну және оларды құрметтеу рухында тәрбиеленеді;<br>b) тұлғаға қатысты мемлекет атынан сот үкімімен қолданылады;<br>c) сотталған заңда көзделген белгілі бір құқық пен еркіндіктерден айырылады;<br>d) жаңа құқықбұзушылық жасалуының алдын алу мақсатында қолданылады;<br>e) жауапкершілікке тарту шарасы ретінде белгіленеді. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Өзбекстан Республикасының азаматтық кодексі бойынша азаматтардың құқықтары қате берілген жауапты тап. (Қолдану -7 балл)**

A) меншік құқығы негізінде мал-мүлікті иелене алады;
B) мал-мүлікті мұра етіп алуы және өсиет қалдыруы мүмкін;
C) банкте жинақтарға ие болулары мүмкін;
D) заңмен тыйым салынған басқа да қызмет түрімен айналыса алады.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану - 11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) 15-16 жас;<br><br>2) 16-18 жас. | а) ата-анасының немесе олардың орнын басатын адамдардың разылығымен жұмысқа қабылдануы керек;<br>b) жұмыс уақыты аптасына 36 сағаттан аспауы керек;<br>c) жүктерді арба және вагонетка жәрдемінде тасымалдауға рұқсат берілмейді;<br>d) жұмыс уақыты аптасына 24 сағаттан аспауы керек;<br>e) жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспауы керек. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Төмендегілерден кімдер жұмыс беруші болуы мүмкін? (Білу – 7 балл)**

1) кәсіпорындардың, олардың жеке құрылымдық бөлімдерінің өз басшылары;
2) меншік иесінің өзі бір мезгілде басшысы болған жеке кәсіпорындары;
3) Өзбекстан Республикасының он алты жасқа толған кейбір тұлғалары;
4) Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті тарапынан белгіленбеген тәртіппен қызметкерлерді жалдайтын жеке меншік кәсіпкерлер.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану - 11 балл)**

| | |
|---|---|
| Ата-ана дүние-мүлкін бейтаныс адамдарға өтпеуін көздеп, асырап алған перзенттерінің жанұя құруы үшін АХАТ бөліміне өтініш береді. | а) туыстық шежіресі бойынша тікелей байланысқан туыстар арасында, туысқан және өгей аға-інілер мен апалы-сіңлілер арасында, сондай-ақ перзенттікке алушылар мен перзенттікке алынғандар арасында неке құруға рұқсат берілмейді;<br>b) өгей аға-інілер мен апалы-сіңлілер арасында, сондай-ақ перзенттікке алушылар мен перзенттікке алынғандар арасында неке құруға |

| | |
|---|---|
| | рұқсат беріледі;<br>с) жақын туыстар арасындағы некеге заң жолымен тыйым салу моральдық ережеге және биологиялық көзқарасқа, медицина ғылымының жетістіктері мен қорытындыларына негізделеді. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Берілген әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау - 13 балл)**
**"Тергеуші қылмыс жасаған адамның тергеу әрекетін жүргізуде. Ол дәлелдеуде нелерге тыйым салынбағаны туралы ойлап қалды".**

1) тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін немесе олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітетін іс-әрекеттер жасау арқылы дәлелдеуі мүмкін;
2) зорлық, бопсалау, алдау және заңға қайшы басқа жолдармен сұрау, түсіндіру, қорытындылар алуға, эксприменталды іс-әрекеттерді жасауға, құжаттар немесе бұйымдар дайындалуына және берілуіне қол жеткізу арқылы дәлелдеуі мүмкін;
3) түнгі уақытта, яғни сағат 22:00-ден таңертеңгі сағат 6:00-ге дейін тергеу әрекеттерін жүргізуі мүмкін.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Конституцияның қайсы бабында меншік құқығының мазмұны айқындалуымен қатар, меншікті пайдалану құқығына ие болған жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өндірістік үдерісте қоршаған ортаға зиян келтірмеуі, яғни олардың экологиялық міндеттемелері нығайтылады? (Білу -7 балл)**

A)"Қоғамның экономикалық негіздері" B)"Мемлекеттің экономикалық негіздері"
C)"Халықтың экономикалық негіздері" D) "Ұжымның экономикалық негіздері"

## 2-ВАРИАНТ

**1. Халықаралық құқық қашан және қалай пайда болған? (Білу -7 балл)**

A) Мәдени құқықтар қалыптасқан, сондай-ақ алғашқы мемлекеттер құрылған кезде пайда болған;
B) Рулық-тайпалық қатынастар ыдырап, алғашқы заңдар жинағы жасалған кезде пайда болған;

C) Рулық-тайпалық қатынастар ыдырап, алғашқы мемлекеттер құрылған кезде пайда болған;
D) Алғашқы діни көзқарастар қалыптасқан кезеңде және алғашқы мемлекеттер құрылғанда пайда болған.

**2. Төменде берілген құқықтардың ішінен жеке құқықтар мен еркіндіктерге тиістілігін таңда. (Қолдану - 11 балл)**

1) Өзбекстан Республикасының азаматтары мемлекеттік қызметке кіруде тең құқықтарға ие;
2) ешкім қинауға салынуы, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынасқа, немесе жазаға тартылуы мүмкін емес;
3) Өзбекстан Республикасының азаматтары кәсіподақ ұйымдарына, саяси партияларға, тағы басқа да қоғамдық бірлестіктерге мүше болу, бұқаралық әрекеттерге қатысу құқығына ие;
4) ешкімді заңда белгіленбеген тәртіппен тұтқындау, ұстап тұру, қамауға ұстау, түрмеде сақтау немесе оның бостандығын өзге де жолмен шектеу мүмкін емес;
5) өтініштер, ұсыныстар мен шағымдар заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарап шығылуы шарт;
6) тұлғаны ұстау кезінде оған түсінікті тілмен оның құқықтары мен ұстап тұрылуы негіздері түсіндірілуі шарт.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Заң шығарушы;<br>2) Атқарушы. | a) қабылданған заңдарды орындайды;<br>b) сайлау негізінде құрылады;<br>c) Премьер-Министр басшылық етеді;<br>d) жоғарғы мемлекеттік өкілдік орган болып табылады;<br>e) алдында отыратын деген мағынаны білдіреді. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегі жағдайда азаматқа қолданылуы мүмкін болған әкімшілік жазаларды тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Н. есімді азамат туысының тойынан мас күйінде шығып, көлікті басқарды, нәтижеде ...<br>2) Тұлға спиртті ішімдік ішіп, тыйым салынған жерден автомашинада жолды кесіп өтіп қопал жол әрекеті ережесін бұзды, нәтижеде... | a) ақылақ түзету жұмыстары;<br>b) айыппұл;<br>c) тәртіптік бөлімге жіберу;<br>d) арнайы құқықтан айыру.<br>e) азаттықтан айыру |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Қайырымдылық келісімшарты мен сыйға беру шартының айырмашылығын тап. (Қолдану-11 балл)**

A) қайырымдылық азаматтарға, ауруханаларға, оқу орындарына, қорларға, мұражайларға, т.б. мемлекетке жалпы пайдалы мақсаттарда жасалады;
B) қайырымдылықты болдырмау мүмкін емес, оны алу үшін біреудің разылығы талап етілмейді;
C) мұрагерлік туралы нормалар қайырымдылыққа қатысты қолданылмайды;
D) барлық жауаптар дұрыс.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) қызметкер;<br><br>2) жұмыс беруші. | a) меншік нысанына қарамастан кез келген кәсіпорын және 18 жасқа толған тұлғалар;<br>b) еңбек келісімшарты негізінде жұмыс істемейтін кәсіпорын жұмысшылары;<br>c) 16 жасқа толған, еңбек келісімшарты бойынша жұмыс істейтін Өзбекстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар;<br>d) кәсіподақ ұйымдары және олардың кәсіпорындардағы сайлап қойылатын кеңселері;<br>e) қызметкерді жұмысқа қабылдап алу құқықына ие болған тұлға. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Төмендегілерден неустойканың дұрыс анықтамасын тап. (Білу –7 балл)**

1) заңмен немесе келісімшартпен белгіленген ақша сомасы, оны қарыздар кредиторға өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда төлеуге мәжбүр;
2) орындаған жұмысы үшін қызметкерге сыйақы ретінде тұрақты төленетін, еңбек келісімшартында келісілген ақша сомасы;
3) сотталушының кінәлі немесе кінәлі еместігі, оған жаза тағайындау немесе тағайындамау мәселесі бойынша сот шығарған шешім;
4) мемлекет белгілейтін және оның орындалуы арнаулы үкімет кеңселері (сот, ішкі істер органдары) жәрдемінде қамтамасыз етілетін әрекеттердің жалпыға бірдей ережесі.
5) Келісім- шарт мерзімінен бұрын бұзылған және ол шартта көрсетілген кезде жұмыс беруші қызметкерден белгіленген ақша суммасын төлеуді талап етеді.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| А. және С. есімді тұлғалар неке құру мақсатында АХАТ бөліміне өтініш берді, бірақ олар медициналық тексеруден өтуден бас тартты. | a) неке құратын адамдар мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің мекемелерінде тегін медициналық тексеруден өтеді;<br>b) жанұя құратын жастардың бір-бірінің денсаулығы туралы мәліметке ие болуы үшін медициналық тексеруден өтуі міндетті;<br>c) медициналық тексеруден өту олардың жеке құқығы, бас тартуға ақысы бар;<br>d) медициналық тексеруден өту мәжбүрлі емес. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Төмендегі әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**
**“Тергеуші қылмыс жасаған адамның тергеу әрекетін жүргізуде. Ол күдіктіге бұл қылмысты сен жасадың деп айыпты мойындауы керек екенін айтты”.**

1) айыпталушының қылмысы заңды түрде дәлелденгенге дейін ол айыпсыз саналады;
2) күдікті, айыпталушы немесе сотталушы оның қылмыстағы кінәсі заңда көзделген тәртіппен дәлелденгенге дейін және сот үкімімен заңды күшіне енгенге дейін айыпсыз саналады;
3) күдікті өзінің айыпсыздығын дәлелдеуі шарт емес.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Конституцияның қай бабында азаматтар қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға міндетті екені бекітілген? (Білу – 7 балл)**

A) “Қоғамның экономикалық негіздері”
B) “Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтар”
C) “Азаматтардың міндеттері”
D) “Саяси құқықтар”

## 3-ВАРИАНТ

**1. Төмендегілерден халықаралық құқық функциялары туралы дұрыс берілген жауапты тап. (Білу -7 балл)**

A) Қорғаушы, құқықтық-тәрбиеші
B) Реттеуші, қорғаушы
C) Ақпаратты тасымалдаушы, дамытушы
D) Жазалаушы, ынталандырушы

**2. Берілген құқықтардың ішінен жеке құқықтар мен еркіндіктерге тиістілігін ажыратыңыз. (Қолдану -11 балл)**

1) әрбір адамға меншік иесі болуға рұқсат етіледі;
2) діни көзқарастарды күштеп сіңдіруге жол берілмейді;
3) мемлекет Интернеттің жаһандық ақпараттық желісін пайдалануды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды;
4) банктік операциялардың, депозиттер мен есепшоттардың құпиялылығына, сондай-ақ мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі;
5) үйде тінту өткізуге заңға сәйкес және сот шешімі негізінде ғана рұқсат етіледі;

6) сот шешімімен тағайындалған жазаны орындау тәртібін немесе заңда көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) жоғарғы палата;<br><br>2) төменгі палата. | a) Қарақалпақстан Республикасынан, облыстардан және Ташкент қаласынан тең мөлшерде – төрт адамнан сайланады;<br>b) өз арасынан Спикерін сайлайды;<br>c) оның кейбір мүшелерін Президент тағайындайды;<br>d) барлық мүшелер жалпы дауыс беру негізінде сайланады;<br>e) өкілеттік мерзімі 5 жыл. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегі жағдайда азаматқа қолданылу мүмкін болған әкімшілік жазаларды тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Азамат уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынғанына қарамастан, Әмудариядан балық аулады, нәтижесінде...<br>2) Тұлға мас болған жағдайда, нәтижеде... | a) айыппұл;<br>b) тәртіптік бөлімге жіберу;<br>c) арнайы құқықтан айыру;<br>d) қызмет бойынша шектеу. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Көп нүктелердің орнына тиісті сөзді орналастыр. «…….. – бұл белгілі бір адамдар мен ұйымдардың өз еркімен орындалған тегін (жарнасыз) әрекеті». (Қолдану -11 балл)**

A) қайырымдылық; B) сыйға беру; C) сыйлық; D) сыйақы.

**6. Төмендегілерді сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1)16 жасқа дейін; | a) төлқұжат немесе идентификациялайтын ID |

| | |
|---|---|
| 2) 18 жастан. | карта;<br>b) ата-анасының немесе олардың орнын басатын адамдардың біреуінің жазбаша разылығы;<br>c) еңбек кітапшасы (жұмысқа бірінші рет кіріп жатқандарға қатысты емес);<br>d) денсаулығы туралы мәлімет;<br>e) әскери билет немесе тіркеу куәлігі (әскери қызметке мәжбүрлер немесе шақырушылар үшін). |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Еңбек кодексіне сәйкес қандай жағдайларда жұмыс істеу міндетті саналмайды? (Білу – 7 балл)**

1) әскери немесе баламалы қызметті өтеу кезінде;
2) күнделікті жұмыс кезінде;
3) сағат 9:00-ден 12:00-ге дейін;
4) сот үкімінің заңды күшіне енуі негізінде.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Әке жанұяда материалдық қамтамасыз етуге жауаптымын деп перзенттер тәрбиесін әйеліне жүктеді, соның салдарынан 16 жасар ұлы мектепте тәртіпсіздік жасады. | a) кейде әке өз міндеттерін орындаудан бас тартуы мүмкін;<br>b) ата-ана балалар тәрбиесіне бірдей жауапты;<br>c) әкенің әрекеті дұрыс емес;<br>d) әкенің әрекеті дұрыс. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Берілген әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау -13 балл)**
**"Тергеуші қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамның тергеу әрекетін жүргізуде. Оның тергеу процесіне адвокатының қатысуына қарсылық жасады".**

1) кәмелетке толмаған күдіктіден және айыпталушыдан қорғаушының қатысуымен жауап алынады;
2) кәмелетке толмаған күдікті мен айыпталушыдан қорғаушының қатысуымен жауап алынбайды;
3) жауап алу аяқталғаннан кейін қорғаушы мен заңды өкіл хаттамамен танысуға және ол туралы өз пікірлерін айтуға құқылы.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Конституцияның қай бабында мемлекет тұрақты даму қағидасына сәйкес, қоршаған ортаны жақсарту, қалпына келтіру және қорғау, экологиялық тепе-теңдікті сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыратыны белгіленген? (Білу – 7 балл)**

A) “Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтар”
B) “Қоғамның экономикалық негіздері”
C) “Азаматтардың міндеттері”
D) “Саяси құқықтар”

## 4-ВАРИАНТ

**1. Өзбекстан төмендегі халықаралық ұйымдардың қайсысына бірінші (бұрын) мүше болды? (Білу – 7 балл)**

A) БҰҰ
B) ЮНЕСКО
C) ШЫҰ
D) ТМД

**2. Төмендегілердің ішінен саяси құқықтарға тиістісін анықта. (Қолдану-11 балл)**

1) сайлауға және референдумға қатысу құқығы;
2) банктік операциялардың, депозиттердің және есепшоттардың құпиялылығының сақталуы құқығы;
3) пікірлеу, сөз және сенім еркіндігі құқығы;
4) кәсіподақ ұйымдарына, саяси партияларға және басқа да қоғамдық бірлестіктерге мүшн болу, бұқаралық әрекеттерге қатысу құқығы;
5) еңбегіне лайықты жалақы алу құқығы;
6) құзыретті мемлекеттік органдарға арыздармен, ұсыныстармен және шағымдармен жүгіну құқығы.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) монархия;<br><br>2) республика. | a) әкімшілік-аумақтық құрылымдарға бөлінуі;<br>b) билікті орнату мен қабылдаудың арнайы тәртібі бар;<br>c) өз басқаруының нәтижесі үшін заң тұрғысынан жауап бермейді;<br>d) азаматтардың мемлекет жұмыстарын басқаруға қатыса алуы;<br>e) әкімшілік жоғары кеңселерінің сайлап қойылуы. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) әкімшілік құқық бұзушылық;<br><br>2) қылмыстық құқық бұзушылық. | a) азамат түнгі сағат 02:30-да айғай-шу шығарып, көршілерінің тыныштығын бұзды;<br>b) Д.есімді тұлға банктен ірі көлемде ақша ұрлады;<br>c) екі жолдас төбелесіп, бірі екіншісін пышақпен ауыр жарақаттады;<br>d) А. есімді адам қоғамдық орында адамдарды ұят сөздермен балағаттады. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Кассалық чектің дұрыс анықтамасын тап. (Қолдану -11 балл)**

A) сатып алу-сату келісімшарты бойынша тұтынушыға тауар өткізетін кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе жеке кәсіпкер;
B) тауардың сатып алынғанын немесе жұмыстың (қызметтің) ақысы төленгенін растайтын құжат, тауардың (жұмыстың, қызметтің) бағасы, төлем жасалған күні, сатушының аты-жөні мен мекенжайы туралы мәлімет көрсетілген құжат;

C) тауардың сатып алынғанын немесе жұмыстың (қызметтің) ақысы төленгенін растайтын, тауардың (жұмыстың, қызметтің) бағасы, төлем жасалған күні мен бақылау-касса аппаратының нөмірі көрсетілген құжат;
D) сертификатталған өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) еңбек құқығы;<br><br>2) еңбек келісімшарты. | a) қызметкерге орындаған жұмысы үшін сыйақы ретінде тұрақты төленетін, еңбек келісімшартында келісілген ақша сомасы;<br>b) бірер тұлғаның меншігі болған байлық;<br>c) еңбек қызметі барысында адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы;<br>d) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгілі бір мамандық, біліктілік, лауазым бойынша жұмыстарды бірлесіп орындау туралы тараптардың келісімімен белгіленген шарттарда қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісім.<br>e) құқықтың тәуелсіз саласы. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Еңбек кітапшасына қандай жазбалар енгізіледі? (Білу-7 балл)**

1) еңбек жағдайлары туралы;
2) жалақы туралы мәлімет;
3) жұмысқа қабылдау күні;
4) жұмыстан босау күні.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Нигораға әжесі көлікті өсиет етіп қалдырды. Тойдан кейін ерлі-зайыптылар көлікті сатып, орнына жаңасын сатып алды. Бірақ олар | a) бұл жерде автокөлік бөлінбеуі керек;<br>b) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі күрделі |

| | |
|---|---|
| некені бұзып, мал-мүлікті бөлу туралы сотқа шағымданған кезде, Нигора көлік менің жеке меншігім деп айтып, оны бөлуге қарсы болды. | жөндеуден, реконструкциядан, қайта жабдықтаудан және т.б. өткені анықталса, олардың ортақ меншігі деп есептелуі мүмкін;<br>c) азаматтың қарсылығы құқықтық негізге ие;<br>d) азаматтың әрекеттері заңға қайшы. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Берілген мәліметтердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**

1) жедел-іздестіруші немесе тергеуші куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден және айыпталушыдан жедел-іздестіру, алдын ала тергеу жүргізілетін жерде немесе жауап алынатын жер қайда болса сол жерде, ал сот олардан сот талқылауы жүргізілетін жерде жауап алады;

2) мәліметтер мен заттар тергеу әрекетінің хаттамасында немесе сот мәжілісінің хаттамасында тіркелместен алдын оларды дәлел ретінде пайдалану мүмкін;

3) Жауап алудың жалғасу ұзақтығы бір тәулікте он бір сағаттан аспауы тиіс.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Конституциямыздың қай бабында мемлекет Аралбойы аймағының экологиялық жүйесін қорғау және қалпына келтіру, аймақты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту шараларын жүзеге асыратыны нығайтылған? (Білу-7 балл)**

A) Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтар;

B) Адам және азаматтардың құқығы мен еркіндіктерінің кепілдіктері;

C) Азаматтардың міндеттері;

D) Қоғамның экономикалық негіздері.

## 5-ВАРИАНТ

**1. Халықаралық құқықтың халықаралық-құқықтық реттеудің предметі болып табылатын қатынастарға әсерінің негізгі бағыттарының қайсысы**

**халықаралық құқықты пайдалану мүмкіндігін насихаттау міндетін атқарады? (Білу-7 балл)**

A) Тұрақтандырғыш
B) Реттеуші
C) Қорғаушы
D) Ақпараттық-тәрбиелеуші

2. **Төмендегілерден саяси құқықтарға тиістісін тап. (Қолдану-11 балл)**

1) митингілерге, жиналыстар мен шерулерге қатысу құқығы;
2) Өзбекстан Республикасы азаматының Өзбекстанға кедергісіз оралу құқығы;
3) азаматтардың кәсіподақтарға, саяси партияларға және басқа да қоғамдық бірлестіктерге мүше болу, бұқаралық әрекеттерге қатысу құқығы;
4) жеке басына орай мәліметтердің қорғалуы құқығы;
5) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі теңдік құқығы;
6) еңбек ету, кәсіп пен қызмет түрін еркін таңдау құқығы.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Конституциялық сот;<br><br>2) Жоғарғы сот. | a) азаматтық, қылмыстық, экономикалық және әкімшілік сот істерін жүргізу саласындағы сот билігінің жоғарғы органы болып табылады;<br>b) референдумға шығарылатын мәселелердің Өзбекстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы қорытынды береді;<br>c) төменгі соттардың сот қызметіне бақылау жүргізеді;<br>d) Өзбекстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының нормаларын түсіндіреді;<br>e) Өзбекстан Республикасының Конституциясын әзірлейді. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегі жағдайда азаматқа қолданылуы мүмкін әкімшілік жазаларды тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Жаңа жыл мерекесінде азамат отбасы мүшелерін орталық даңғылдағы шырша басына апару мақсатында алкогольдік ішімдік ішкеніне қарамастан, жеке көлігімен жолға шықты, нәтижеде...<br>2) Мотоцикл мінген азамат мас күйінде теміржолдан өту ережесін өрескел бұзып, нәтижеде... | a) мәжбүрлі қоғамдық жұмыстарға тарту;<br>b) айыппұл;<br>c) бас бостандығынан айыру;<br>d) арнайы құқықтан айыру.<br>e) азаттықтан шеттеу. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Төмендегі ауыстыру-айырбастау келісімшартына мысал болатындарын тап? (Қолдану-11 балл)**

A) сағат; B) марка; C) қатысушылар иелік ететін барлық заттар;
D) барлығы мысал болады.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) еңбек кітапшасы;<br>2) еңбек келісімшарты. | a) үш жылдан аспайтын белгілі бір мерзімге жасалуы мүмкін (мерзімді еңбек келісімшарты);<br>b) жоғалған жағдайда – көшірмесі жазып беріледі (кейін бұрынғы жазбалар қалпына келтіріледі);<br>c) ұйымда бес күннен артық жұмыс істеген барлық қызметкерлер үшін жүргізілуі шарт;<br>d) белгісіз мерзімге жасалады; |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Қандай жағдайларда жалақы кемінде екі есе көлемінде төленеді? (Білу -7 балл)**

1) қосымша жұмыс істеген кезде;
2) мереке күндері жұмыс істеген кезде;
3) туған күндерде жұмыс істегенде;
4) жұмыстан тыс уақыттағы еңбекке.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Н. мен Г. бір-бірін ұнатып ата-анасынан жасырын түрде жанұя құру мақсатында АХАТ бөліміне өтініш жазды. Олар некені тіркеу кезінде куәгерлердің болғанын қаламады. | a) некені тіркеу кезінде куәгерлердің саны екі адамнан кем болмауы керек;<br>b) неке куәгерлерсіз тіркелмейді;<br>c) некені тіркеу кезінде куәгерлердің болуы шарт емес;<br>d) азаматтың қалауын ескере отырып, куәгерлер қатысуы немесе қатыспауы мүмкін. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Төмендегі мәліметтердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**

1) адам саудасы қылмысы бойынша жәбірленушілердің эксплуатация үдерісінде оларға медициналық тексеруден өтуге рұқсат беріледі;
2) адам ұрлау дегенде, адамның жасырын түрде, әшкере немесе алдау не болмаса сеніміне қиянат жасау арқылы жеке еркіндігінен айыруды түсінеміз;
3) адамдарды эксплуатациялау – басқа адамдарды өз ниеті бойынша пайдалану немесе жыныстық мәжбүрлеудің түрлері, мәжбүрлі еңбек немесе қызметтер, құлдық, ерік-бостандығынан айыру немесе адам ағзаларын трансплантациялау саналады.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Табиғат пен қоғам арасында туындайтын әлеуметтік қатынастарды құқықтық реттеуді зерттейтін құқық саласы көрсетілген жауапты тап. (Білу-7 балл)**

A) Конституциялық құқық B) Экологиялық құқық
C) Қылмыстық құқық D) Әкімшілік құқық

## 6-ВАРИАНТ

**1. Халықаралық қатынастар субъектілерінің мемлекеттер тарапынан халықаралық қатынастар саласында әзірленген халықаралық өмірдің өзекті мәселелері бойынша ең маңызды және жалпы мойындалған нормаларын не деп атаймыз? (Білу-7 балл)**
A) халықаралық құқық принциптері;
B) тұрақтандырушы;
C) қорғаушы;
D) ақпараттық-тәрбиелеуші.

**2. Төмендегілерден экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтарға тиістісін тап. (Қолдану-11 балл)**
1) мемлекеттік қызметті өтеумен байланысты шектеулер заңмен белгіленеді;
2) банк операцияларының, депозиттер мен есепшоттардың құпиялылығына, сондай-ақ мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі;
3) жүктілігіне немесе баласы бар болуына байланысты әйелдерді жұмысқа қабылдаудан бас тартуға, жұмыстан шығаруға және олардың жалақысын төмендетуге тыйым салынады;
4) мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тәртібі заңмен белгіленеді;
5) сот шешімімен тағайындалған жазаны орындау тәртібін немесе заңда көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады;
6) мемлекет жәбірленушілерге қорғалуды және әділ соттауды пайдалануды қамтамасыз етеді, оларға келтірілген зиянды толтыру үшін жағдайлар жасайды.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Премьер-Министр;<br><br>2) Облыстардың, аудандардың, | a) жергілікті бюджетті қалыптастырады және орындайды;<br>b) халықаралық қатынастарда Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің атынан |

| | |
|---|---|
| қалалардың әкімдері. | әрекет етеді;<br>c) Өзбекстан халқының атынан жұмыс жүргізеді;<br>d) Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Олий Мажлис Палаталарының қаулыларын, Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Министрлер Кабинетінің, жоғары лауазымды әкімдердің және тиісті халық депутаттары Кеңестерінің қаулысын орындайды;<br>e) Министрлер Кабинетінің мәжілістеріне төрағалық етеді, оның қаулыларына қол қояды. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) әкімшілік құқықбұзушылық;<br><br>2) тәртіптік құқықбұзушылық; | a) көлік құралының жүргізушісі темір жолды кесіп өту ережесін бұзды;<br>b) қызметкер жұмысқа әдейі кешігіп келді;<br>c) орманға демалуға келген азаматтар орман қауіпсіздігі ережелерін бұзды;<br>d) қызметкер қызметтік міндеттерін өрескел бұзды. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Сатып алушының тауарды ауыстыруға немесе қайтаруға сұранысы қандай жағдайларда қанағаттандырылады? (Қолдану -11 балл)**

A) тауар пайдаланылмаған кезде ғана;
B) барлық қасиеттері мен сапасы сақталған жағдайда;
C) сатып алынғаны туралы түбіртек болған жағдайда;
D) жоғарыда айтылғандардың барлығы дұрыс.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) еңбек келісімшартын тоқтату тәртібі;<br><br>2) ) еңбек келісімшартын жұмыс берушінің бастамасымен тоқтату негіздері. | a) еңбек келісімшартының тоқтатылуы кәсіпорын бойынша бұйрықпен ресімделеді;<br>b) қызметкердің біліктілігі жеткіліксіз болғандықтан иелеп тұрған лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуі;<br>c) ұйымның (оның жеке бөлімшесі) өз құрылтайшыларының (қатысушыларының) немесе құрылтай құжаттарымен оған өкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша тоқтатылғаны немесе жеке меншік кәсіпкер тарапынан қызметтің тоқтатылғаны;<br>d) жұмыс беруші еңбек келісімшарты жойылған күні еңбек кітапшасын және еңбек келісімшартының жойылғаны туралы бұйрықтың көшірмесін беруі шарт. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Төмендегілерден қайсылары тәртіпті жаза қолданылады? (Білу-7 балл)**

1) сөгіс беріледі;
2) еңбек келісімшартын жою;
3) тәртіптік бөлімге жіберу;
4) ақылақ-түзеу жұмыстары;
5) азаттықтан шектеу.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 ұпай)**

| | |
|---|---|
| X. жанұя құру кезінде күйеуінің фамилиясына өтеді, бірақ 1 жылдан кейін некені бұзу туралы сотқа арызданып, қыз кезіндегі тегіне қайтаруды сұраған, сот оны қанағаттандырудан бас тартты. | a) неке құру кезінде тегін өзгерткен ер (әйел) некеден ажырасқаннан кейін де сол тегінде қалуға құқығы бар;<br>b) неке құру кезінде тегін өзгерткен ер (әйел) некеден ажырасқаннан кейін де сол тегінде қалуға құқығы |

| | |
|---|---|
| | жоқ;<br>c) сот некені бұзу туралы шешім шығарған кезде оның қалауы бойынша оған некеге дейінгі тегі қайтарылуы мүмкін;<br>d) сот некені бұзу туралы шешім шығарған кезде оның қалауы бойынша оған некеге дейінгі тегі қайтарылуы мүмкін емес. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Төменде берілген әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**

1) әйелді тұрмысқа шығуға мәжбүрлеу немесе оның тұрмысқа шығуына кедергі жасау қылмысының жасалу мотиві қылмысты квалифкациялауда маңызға ие емес;
2) сайлау құқығының немесе сенімді өкілдің өкілеттігінің жүзеге асырылуына кедергі жасау қылмысының объектісі — адамның сайлау немесе сайлану, сайлау науқанын жүргізу, референдумдарды өткізуге қатысу, сайлауға дейінгі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу; үміткер тұлғаның сенімді өкілдерінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру құқығын қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастар;
3) еңбек ету құқығын бұзу қылмысының субъектісі жұмысқа қабылдау немесе жұмыстан босату құқығына ие адам болуы мүмкін.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Адамгершілік құндылықтармен, ұлттық және халықаралық-құқықтық нормалармен қоршаған ортаны қорғау мақсатында орнатылған ережелер мен нормалардың қандай да бір мемлекет, заңды немесе жеке тұлға тарапынан бұзылуы нәтижесінде оларға қолданылатын жаза шаралары қандай жауапкершілікті білдіреді? (Білу-7 балл)**

A) Әкімшілік жауапкершілік
B) Қылмыстық жауапкершілік
C) Экологиялық жауапкершілік
D) Экономикалық жауапкершілік

## 7-ВАРИАНТ

**1. Төмендегілерден БҰҰ-ның бұрынғы отарланған колониал жерлердің өз бағытын анықтауына көмектесетін бақылау органын тап. (Білу-7 балл)**

A) Қамқоршылық Кеңесі;
B) Халықаралық Сот;
C) Қауіпсіздік Кеңесі;
D) Бас Ассамблея.

**2. Төмендегілерден экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтарды тап. (Балл-11 балл)**

1) еңбекке ақы төлеудің ең аз мөлшері адамның лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып белгіленеді;
2) балалар еңбегінің баланың денсаулығына, қауіпсіздігіне, танымына, психикалық және физиологиялық дамуына қауіп төндіретін, соның ішінде оның білім алуына кедергі келтіретін кез келген түрлеріне тыйым салынады;
3) жалдамалы жұмысшыларға демалу құқығы жұмыс уақытының мерзімін, демалыс және жұмыс істемейтін мереке күндерін, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын белгілеу жолымен қамтамасыз етіледі;
4) діни көзқарастарды мәжбүрлеп сіңдіруге жол берілмейді;
5) үйде тінту өткізуге заңға сәйкес және сот шешімі негізінде ғана жол беріледі.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Министрлер Кабинеті;<br><br>2) Халық депутаттары Кеңестері. | a) Өзбекстан Республикасының Конституциясын әзірлейді;<br>b) тұрғындарды, соның ішінде мүгедек тұлғаларды әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;<br>c) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстар мен биологиялық әртүрлілікті сақтау, климаттың өзгеруіне, эпидемияларға, пандемияларға қарсы күрес және олардың зардаптарын жұмсарту салаларында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;<br>d) аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бағдарламаларын бекітеді;<br>e) тиісті жергілікті бюджеттерді қарау және |

| | |
|---|---|
| | қабылдау, олардың орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асырады. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегі жағдайда азаматқа қолданылуы мүмкін әкімшілік жазаларды тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Азамат көпқабатты үйлерде жануарларды ұстау ережесін өрескел бұзып, үйінде улы жылан бағып, көршілерінің наразылығын тудырды, нәтижеде...<br>2) Жаз айында азамат тыйым салынған жерде шомылып балық аулады, нәтижеде... | a) бостандығын шектеу;<br>b) айыппұл;<br>c) тәртіптік бөлімге жіберу;<br>d) тәркілеу. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Көп нүктелердің орнына тиісті сөзді орналастыр. (Қолдану-11 балл) "Халықаралық конвенцияларға және Өзбекстан Республикасының заңдарына сәйкес интеллектуалдық және шығармашылық қызмет нәтижелеріне қатысты арнайы жеке және меншіктік құқықтар ... деп аталады".**

A) саяси құқық; B) авторлық келісімшарт;
C) жеке құқық; D) интеллектуалдық меншік.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) "Шухрат" медалі<br><br>2) "Мехнат шухрати" ордені | a) 1993 жыл 7 май;<br>b) 1993 жыл 26 февраль;<br>c) 1995 жыл 22 декабрь;<br>d) 1995 жыл 30 август;<br>e) 1994 жыл 5 май. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Еңбекке ынталандыру қай жолда дұрыс көрсетілген? (Білу - 7 балл)**

1) лауазымды жоғарылатпау арқылы марапаттау;
2) алғыс хат жариялау;
3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
4) мемлекеттік наградаға ұсынбау.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Гүлназ бен Әнуар тұрмыс құру үшін азаматтық хал-актілерін тіркеу бөліміне өтініш берді. Гүлназ өз тегінде қалғысы келді, ал АХАТ бөлімі мұны заңға қайшы деп тапты. | a) ерлі-зайыптылар өз тегін таңдау құқығына ие;<br>b) АХАТ органдарының әрекеттері заңды;<br>c) АХАТ органының әрекеттері заңға қайшы;<br>d) ерлі-зайыптылар тегін таңдау құқығына ие емес; |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Берілген әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**

1) Өзбекстан Республикасының Президентіне қастандық жасау қылмысының объектісі — Өзбекстан Республикасы Президентінің өмірі, денсаулығы, абыройы мен қадір-қасиеті;
2) Тыныштық пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың объектісі — кез келген мемлекеттің дамуы мен өмірлік қызметін жүзеге асырудың шарты болып табылатын тыныштық пен татулықта жасау, адамзаттың өмір сүру құқығы;
3) Өзбекстан Республикасының конституциялық құрылымына қарсы қылмысты жасаудың мақсаты Өзбекстан Республикасының қолданыстағы конституциялық құрылымын өзгерту.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Қоршаған ортаға әлеуметтік қауіпті зиян келтіретін әлеуметтік қауіпті әрекеттердің жиынтығы қалай аталады? (Білу - 7 балл)**

A) Экономикалық қылмыстар;
B) Экологиялық қылмыстар;
C) Тәртіптік құқық бұзушылықтар;
D) Қылмыстық құқық бұзушылықтар.

## 8-ВАРИАНТ

**1. Шетелдік заңды және жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесінің өз азаматтары мен заңды тұлғаларының мәртебесіне теңестірілуі қай тәртіп түріне жатады? (Білу-7 балл)**

A) достық тәртіп;
B) ұлттық тәртіп;
C) ең үлкен қолайлылық туғызу тәртібі;
D) кіші қолайлылық туғызу тәртібі.

**2. Төмендегілердің ішінен экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтарды тап. (Қолдану-11 балл)**
1) қылмыс жасады деп айыпталған адам оның кінәсі заңда көзделген тәртіппен ашық сот талқылауымен дәлелденгенге дейін және ол соттың заңды күшіне енген үкімімен анықталғанға дейін айыпсыз деп саналады;
2) әрбір адамға білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік беріледі;
3) мемлекет азаматтардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, оларды жұмыссыздықтан қорғау, кедейлікті азайту жөнінде шаралар қолданады;
4) сот шешімімен тағайындалған жазаны орындау тәртібін немесе заңда көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады;
5) мемлекет дене шынықтыру мен спортты дамыту, халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдайлар жасайды.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) сот органы;<br><br>2) адвокатура. | a) Өзбекстан Республикасының Конституциясын әзірлейді;<br>b) заң шығарушы және атқарушы билік органдарынан, саяси партиялардан және азаматтық қоғамның басқа да институттарынан тәуелсіз түрде жұмыс жүргізеді; |

| | |
|---|---|
| | c) төтенше жағдайда оларды түзуге жол берілмейді;<br>d) жеке және заңды тұлғаларға білікті заңды көмек көрсетеді;<br>e) өз қорғауындағы адаммен кедергісіз және еркін кездесуі, кеңес беруі үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Мына жағдайда азаматтарға қолданылуы мүмкін әкімшілік жазаларды тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) А. және Н. Көп қабатты үйлерде жасайтын азаматтар сөгісіп, ұрыс-жанжал шығарды, нәтижеде...<br><br>2) Азамат мас жағдайда қоғамдық жайында адамдарды сөгіп, ұрыс-жанжал шығарды, нәтижеде... | a) айыппұл;<br>b) тәртіптік бөлімге жіберу;<br>c) қызмет бойынша шектеу;<br>d) затты төлеу шартымен алып қою.<br>e) уақтыншалық қамау. |
| | |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Азаматтық сот ісін жүргізуде талап-арыз бойынша іс жүргізуге қатысатын тараптардың құқықтары қандай? (Қолдану-11 балл)**

A) процестің кез келген басқышында сот ісін тоқтату;
B) сот ісін бейбіт жолмен шешпеу;
C) сот талқылауына қатыспау;
D) сот үкімін жариялау.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) қызметкердің құқықтары;<br><br>2) жұмыс берушінің құқықтары. | a) кәсіптік оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;<br>b) қартайғанда, еңбекке қабілеттілігін жоғалтқанда, асыраушысынан айырылғанда |

| | |
|---|---|
| | және заңда көзделген басқа да жағдайларда әлеуметтік қамсыздандыру алу;<br>c) қызметкерден еңбек келісімшартында міндетті етіп көрсетілген жұмысты тиісінше орындауды талап ету;<br>d) өз мүдделерін қорғау үшін басқа жұмыс берушілермен бірге қоғамдық бірлестіктер құру және мұндай бірлестіктерге мүше болу;<br>e) өзінің еңбек құқықтарын қорғау, соның ішінде, сот арқылы қорғау және білікті заңды көмек алу. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Еңбек даулары комиссиясына қатысатын адвокаттың міндеттері қандай? (Білу -7 балл)**

1) процес қатысушыларына сұрақтар қояды;
2) даудың маңызына байланысты түсініктеме береді;
3) куәгерлерден жауап алады;
4) шындықты анықтау және дауды әділ шешу үшін заңда көзделген барлық құралдарды пайдаланады.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Бахрам мен Севараның отбасында перзент дүниеге келді. Олар перзентіне тегі ретінде атасының атын беруді ұйғарды. Бірақ АХАТ қызметкері бір отбасында үш түрлі фамилия болуы мүмкін емес деп, өтінішті қабылдамады. | a) ата-анасының қалауы негізінде, балаға ұлттық дәстүрлер бойынша әкесі немесе анасы тарапынан атасының аты бойынша фамилия берілуі мүмкін;<br>b) АХАТ қызметкерінің әрекеттері заңға қайшы;<br>c) фамилия таңдауда шектеу бар, сондықтан АХАТ қызметкерінің қарсылығы орынды;<br>d) отбасы мүшелері кемінде екі фамилияда болуы мүмкін. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Төмендегі әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау -13 балл)**

1) талан-тараж ету – біреудің мүлкін өзінің немесе басқа адамдардың пайдасы үшін, меншік иесіне немесе осы мүліктің басқа иесіне зиян келтіріп, заңға қайшы және ақы төлемей өндіру;
2) басқыншылықтың аса әлеуметтік қауіптілігі, ең алдымен мыналармен байланысты: бұл қылмыс жасалған кезде жәбірленушілердің өміріне немесе денсаулығына да зиян жеткізіледі немесе мұндай зиян жеткізілу үшін нақты қауіп туындайды және өзгенің мал-мүлкі иеленіп алынады;
3) Өзгенің меншігін жасырын түрде иелеу немесе ұрлау – экономика саласындағы ең кеңінен таралған қылмыстардың бірі.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Адамның өмір сүруге қолайлы қоршаған ортаға ие болу құқығы және осы ортаны сақтау бойынша міндеті қандай заңмен бекітілген? (Білу -7 балл)**

A) «Білім беру туралы» Заңда.
B) «Табиғатты қорғау туралы» Заңда.
C) «Азаматтық туралы» Заңда;
D) Саяси баспана беру актінде.

**9-ВАРИАНТ**

**1. Қолданылатын құқықтық нормалар қоғамдық тәртіпке, яғни осы құқық жүйесінің жалпы принциптеріне қайшы келетін кейбір жағдайларда халықаралық құқықтың қолданылуы шектеледі. Бұл ереже не деп аталады? (Білу-7 балл)**

A) қоғамдық тәртіптің негізгі нормасы;
B) қоғамдық тәртіп туралы қосымша шарт;
C) ұлттық тәртіп;
D) қоғамдық тәртіп туралы моральдық шарт.

**2. Төмендегілерден азаматтардың борыштарын ажыратыңыз. (Қолдану-11 балл)**

1) конституция мен заңдарға мойынсұну;
2) табиғи ортаға ұқыпты қатынаста болу;
3) салықтар мен алымдарды уақтылы төлеу;
4) айыпсыздық презумпциясы;
5) ар-ождан еркіндігі.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Сенат төрағасы;<br><br>2) Заң шығару палатасының Спикері. | a) Өзбекстан Республикасының заңдарына қол қояды;<br>b) парламентаралық байланыстарды жүзеге асыруға және халықаралық парламенттік ұйымдардың жұмысына байланысты Сенат топтарының қызметіне басшылық етеді;<br>c) Өзбекстан Республикасы заңдарының және Сенат қаулыларының орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асырады;<br>d) Заң шығару палатасының мәжілістерін шақырады, оларға төрағалық етеді;<br>e) Өзбекстан Республикасы заңдарының және Заң шығару палатасының қаулыларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегі жағдайда азаматқа қолданылуы мүмкін болған әкімшілік жазаларды тап. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Туған күнін тойлаған А.есімді азамат алкогольдік ішімдік ішіп, автокөлігінде жол ережесін бұзды, нәтижеде...<br>2) Шет ел азаматы Өзбекстанда заңдарға мойынсұнбай бірнеше ережелерді бұзды, нәтижеде... | a) бостандықты шектеу;<br>b) айыппұл;<br>c) мемлекет аумағынан шығару;<br>d) арнайы құқығынан айыру.<br>e) Республика аймағынан уақытша шығарып жіберу. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Автор жаңа шығарма жаратты, бірақ оның қашан әлеуметтік меншікке айналуы туралы ойлап қалды? (Қолдану-11 балл)**

A) авторлық құқықтың қолданылу мерзімі өткеннен кейін;
B) шығарма жаратылғаннан соң 30 жыл өткенннен кейін;
C) шығарма жаратылғаннан соң 10 жыл өткеннен кейін;
D) шығарма жаратылғаннан соң 20 жыл өткеннен кейін;

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) еңбек келісімшартын тоқтатудың негіздері;<br><br>2) еңбек келісімшартындағы тараптардың материалдық жауапкершілігі. | a) арнаулы жазбаша келісімшарт негізінде оған сеніп тапсырылған бағалы бұйымдардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін;<br>b) қызметкерді оның разылығымен басқа кәсіпорынға ауыстыру;<br>c) бір реттік құжат негізінде алынған бағалы бұйымдардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін;<br>d) қызметкердің сот үкімімен анықталған қылмыстық іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген зиян үшін;<br>e) қызметкердің мемлекеттік басқаруы кеңсесіндегі сайланатын лауазымға өтуі. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Төмендегі жауаптардың қайсысы еңбек кітапшасына қатысты емес? (Білу -7 балл)**

1) бірінші рет жұмысқа кіргенде – жұмыс бастағаннан кейін 5 күннен кешіктірмей толтырылады;
2) белгілі бір мерзімге жасалады;
3) жоғалған жағдайда – көшірмесі жазылады (кейін бұрынғы жазбалары қалпына келтіріледі);

4) үш жылдан көп болмаған белгілі бір мерзімге жасалады.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер. (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Р. күйеуінің 8 жылға бас бостандығынан айырылуына байланысты бұдан кейін қылмыскермен бірге жасамайтынын айтып, некені бұзу туралы сотқа өтініш берді, бірақ бір тараптың жоқтығына байланысты өтініші қабылданбады. | a) жасаған қылмысы үшін күйеуі немесе әйелі үш жылдан кем болмаған мерзімге бас бостандығынан айырылған жағдайда, Жанұя кодексінің 42-43-пункттерінде белгіленгеніндей, әкімшілік тәртіппен (АХАТ бөлімі арқылы) некеден ажыратылады;<br>b) неке әкімшілік тәртіппен жойылады;<br>c) мұндай жағдайда неке жойылмайды;<br>d) соттың әрекеттері құқықтық негізге ие. |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Берілген әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**

1) пара алудың субъективтік тарапы – дұрыс өштік: айыпты (пара алушы) материалдық құндылықтар немесе мүліктік пайда оған өзінің қызмет лауазымынан келіп шығып  пара берушінің мүддесіне негізделген бірер іс-әрекетті жасау немесе жасамау үшін оған пара ретінде беріліп жатқанын түсінеді және оны қалайды;
2) кез келген материалдық құндылықтар: ақша, шетел валютасы, құнды бұйымдар, бағалы қағаздар, азық-түлік немесе өнеркәсіп өнімдері және т.б. пара  предметі болады;
3) пара беру қылмысының объектісі мен предметі пара алу қылмысының құрылымдық белгілерімен бірдей болады.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Жер, жерасты байлықтары, су, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, сондай-ақ басқа да табиғи ресурстар ұлттық байлық болып табылатыны, оларды тиімді пайдалану қажеттігі және мемлекет қорғауында екендігі қай заңмен бекітілген? (Білу-7 балл)**

A) Азаматтық туралы заңда;
B) Өзбекстан Республикасының Конституциясында;
C) Білім туралы заңда;
D) Халықаралық құқық туралы заң жобасында.

## 10-ВАРИАНТ

1. **Ағылшын-американдық «құқықтық отбасы» немесе «жалпы құқық» қай елдердің құқықтық жүйесінде жетекшілік етеді?(Білу -7 балл)**

A) АҚШ, Канада, Британия;
B) Жапония, Үндістан, Қытай;
C) Ресей, Украина, Эстония;
D) Германия, Франция, Испания, Италия.

**2. Төмендегілерден азаматтардың борыштарын тап. (Қолдану-11 балл)**

1) әскери борышты өтеу; 2) тарихи кешендерді сақтау;
3) Конституцияда белгілеп қойылған борыштарды орындау;
4) білім алу;
5) сайлауға және референдумдарға қатысу.

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) Өзбекстан Республикасының Президенті;<br><br>2) Олий Мажлис. | a) халықаралық қатынастарда Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің атынан әрекет етеді;<br>b) өз құзырында аккредиттелген дипломатиялық және басқа да өкілдердің сенім және шақыру жарлықтарын қабылдайды;<br>c) комитеттердің, агенттіктердің және басқа да республикалық мемлекеттік органдардың басшыларын заңға сәйкес лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады; |

| | |
|---|---|
| | d) Өзбекстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясын құрады;<br>e) мемлекеттік наградалар мен атақтарды бекітеді. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**4. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) әкімшілік жаза;<br><br>2) қылмыстық жаза. | a) бас бостандығынан айыру;<br>b) құқықбұзушылықты жасау құралы болып табылатын немесе тікелей осындай нәрсе болған бұйымды құнын төлеу шартымен тәркілеу;<br>c) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Өзбекстан Республикасының аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жіберу;<br>d) бостандығынан шектеу. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**5. Егер тараптар арасында келісімшарттың барлық маңызды шарттары бойынша талап етілетін нысанда келісімге қол жеткізілген болса, ол.... деп саналады. Нүктелер орнына тиісті жауапты қой. (Қолдану-11 балл)**

A) келісімшарт бұзылған;
B) келісімшарт жойылған;
C) келісімшарт түзілген;
D) келісімшарт тоқтатылған.

**6. Төмендегілерді өзара сәйкестендіріп, дұрыс жауапты тап. (Қолдану -11 балл)**

| | |
|---|---|
| 1) еңбек даулары жөніндегі комиссия төрағасының міндеттері; | a) куәгерлерден жауап алады;<br>b) талап қоюшы мен жауапкерден іске қатысты қосымша мән-жайларды анықтайды; |

| | |
|---|---|
| 2) еңбек ұжымы басшысының міндеттері. | c) сотқа осы дау бойынша топтың пікірін мәлімдейді;<br>d) жұмыстың маңызын түсіндіреді;<br>e) жұмыс жағдайларын айқындауға көмек береді. |

| 1 | | 2 | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**7. Еңбек құқығының негізгі принципі қай жолда дұрыс көрсетілген? (Білу-7 балл)**

1) еңбек ету еркіндігі принципі;
2) демалу,еңбекті қорғау құқығын қамтамасыз етпеу принципі;
3) еңбекте және жұмысқа орналасуда тең құқықтылықты қамтамасыз етпеу принципі;
4) еңбек құқығы мен еркіндіктерін қорғау құқығын қамтамасыз ету принципі.

| | |
|---|---|
| | |

**8. Жағдайға құқықтық баға бер (Қолдану-11 балл)**

| | |
|---|---|
| Ерлі-зайыптылар тойдан кейін неке келісімшартын түзу мақсатында азаматтық хал-актілерін тіркеу бөліміне өтініш білдіреді, бірақ жанұя құрғаннан кейін неке түзу мүмкін емес деп, өтініш қанағаттандырылмады. | a) неке келісімшартын азаматтық хал-актілерін тіркеу органы арқылы түзу құқығына ие;<br>b) неке келісімшартын нотариалдық кеңсе арқылы түзуге құқылы;<br>c) ерлі-зайыптылар кез келген уақытта неке келісімшартын жасау құқығына ие;<br>d) ерлі-зайыптылар кез келген уақытта неке келісімшартын жасау құқығына ие емес; |

| | |
|---|---|
| | |

**9. Берілген әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс екенін талда. (Пайымдау-13 балл)**

1) өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу қылмысының объектісі өрт қауіпсіздігі болып табылады, яғни адамдардың, қоғам мен мемлекет мүлкінің өрттен қорғалғандық жағдайы саналады;
2) еңбекті қорғау ережелерін бұзу қылмысының объектісі меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда жұмыс істейтін адамдардың еңбек жағдайларын реттейтін әлеуметтік қатынастар болып табылады;
3) еңбекті қорғау ережелерін бұзу қылмысы субъективтік жағынан қылмыстың қасақана немесе ықтиятсыздық формалары арқылы жасалады.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | |

**10. Конституциямыздың қай бөлімінде жер заңда белгіленген, сондай-ақ оны тиімді пайдалануды және оны жалпыұлттық байлық ретінде қорғауды қамтамасыз ететін шарттар мен тәртіптер негізінде жеке меншік болуы мүмкін екендігі бекітілген? (Білу-7 балл)**
A) «Қоғам және тұлға»
B) «Негізгі принциптер»
C) «Мемлекеттік билікті ұйымдастыру»
D) «Конституцияға өзгерістер енгізу тәртібі»